

Мектепке дейінгі ұйым логопед бос лауазымына орналасуға конкурс туралы хабарландыру

Конкурстың басталу күні: 11 қыркүйек 2023 ж

Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімінің № 15 балабақшасы» КМҚК: Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Амангельды, 50 тәрбиешінің бос лауазымына конкурс жарияланады.

Қазақ тілінде оқытатын логопедиялық топқа 1 бірлікке логопед-мұғалімі қажет.

Біліктілікке қойылатын талаптар: тиісті пән бойынша жоғары педагогикалық білім.

Білуге тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын Қазақстан Республикасының актілері;

психология және педагогика, алғашқы медициналық көмек көрсету ережелері, қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері, санитарлық ережелер; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыру бойынша нормативтік – құқықтық құжаттар.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізімі:

- 1) конкурсқа қатысуға өтінім;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттама қызметінің электрондық құжаты (сәйкестендіру үшін);
- 3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке парағы (нақты тұрғылықты жерінің мекенжайы мен байланыс телефондары – бар болса);
- 4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);
- 6) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасы нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы No ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама. (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген);
- 7) психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
- 8) наркологиялық ұйымнан анықтама;
- 9) ПББ сертификаты немесе педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-магистр біліктілік санатының сертификаты (болған жағдайда);

Лауазымды жалақысы еңбек өтіліне және санатына байланысты

(125337-180257 теңге) штат кестесіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушылар оның біліміне, еңбек өтіліне, кәсіптік даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілікті арттыру, аттестаттау, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру туралы құжаттардың көшірмелері, ғылыми жарияланымдар, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнынан басшылықтың ұсынымдары) ұсына алады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап 7 күнтізбелік күн ішінде осы сайттан: <https://kst-sad15.edu.kz/> көре аласыздар.

Анықтама үшін телефон: 54-63-24, 8-705-668-44-37

Электрондық поштасы: sad15@kst-goo.kz

